

Google Docs, Wikis и другие инструменты совместной работы над документами для хранения и уточнения данных;

Приложения для управления проектами для развития и оптимизации совместной работы;

Вконтакте и другие социальные сети для установления связей;

Slide Share для создания презентаций;

Instagram - это отличная возможность для обучающихся создавать ресурсные доски для учебы и идей, а также для использования как блог. Они могут быть использованы для развития учебы, карьеры или даже отношений со сверстниками.

Несколько способов использования Instagram в качестве ресурса для обучения:

Письменные ресурсы - умение писать и эффективно общаться очень важно для обучающихся. Это приложение может быть использовано для сохранения ссылок, полезных при написании работ, проведении исследований.

Технологии - для тех, кто получает степень бакалавра онлайн, будет полезно следить за последними технологическими новостями и полезными советами. Советы, обновления новостей, программные хитрости и новые приложения могут быть прикреплены, чтобы студенты были в курсе всего самого нового и интересного.

Советы по карьере - подготовка к собеседованию, советы по составлению резюме, статистика вакансий - создав доску с ресурсами по карьере, студенты будут чувствовать себя еще более готовыми к поиску работы после окончания учебы. [5]

Навыки работы в социальных сетях могут помочь студентам найти работу на рынке труда, который все больше полагается на цифровые инструменты для создания сетей и обмена информацией.

На основании всего вышеуказанного мы можем констатировать, что социальные медиа могут положительно повлиять на развитие и закрепление языковых навыков. Включение социальных медиа в более традиционную учебную среду может расширить творческую свободу студентов и побудить их работать усерднее и активнее. Конечно, по мере изменения ландшафта социальных сетей, образовательные учреждения также должны будут адаптироваться - но поскольку социальные медиа уже влияют на то, как мы учимся и взаимодействуем вне аудитории, их применение в образовательных организациях.

Список использованных источников

1. Сахарова Т.Е. Социальные сети как способ изучения иностранных языков
2. <https://dic.academic.ru/dic.nsf/ruwiki/606708>
3. Исаева Г. К. Некоторые особенности применения инновационных технологий на уроках иностранного языка. - А., Фолиант, 2015. - 60
4. Бойд, Д., М., Эллисон, Н., Б. (2007). Сайты социальных сетей: определение, история и наука. Журнал компьютерных коммуникаций, 13(1), 210-230
5. Мусаева Г.А. Использование информационных технологий как средства повышения интереса учащихся к английскому языку. - Аст., Вестник ЕНУ, 2018. №5. - 32с.

ӘОЖ 811.541

XXI ҒАСЫРДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ ҮРДІСІНДЕ МЕДИА САУАТТЫЛЫҚТЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Думанова Мөлдір Думанқызы

moldir_94sk38@mail.ru

Шетел тілдерінің теориясы мен тәжірибесі кафедрасының 1 курс магистранты,

Қазіргі таңда Бұқаралық Ақпараттар Құралдары (БАҚ) біздің өміріміздің ажырамас бөлігіне айналды. Мейлі біз бала, жасөспірім немесе ересек болсақ та, барлығымыз күнделікті бұқаралық ақпарат құралдарының әсерінде боламыз. Сол себепті де 21 ғасырда «Медиа сауатты» болу ең маңызды орында және де оқушылардың медиа сауаттылығын көтеру үшін қазіргі білім беру жүйесінің өзгеруін талап етеді. Өйткені, бүгінде бүкіл әлем бойынша жасөспірімдер техниканы жоғарғы деңгейде меңгергендіктен жасөспірімдердің көпшілігі осы құрылғылардың әсерінен гипнозға ұшырауда. Олардың бос уақыты смарт сағаттарында, ұялы телефондарында, компьютерлерде немесе теледидарлар мен бейне ойындардың алдында өтеді. Бұл студенттер мен оқушылардың оқуға деген құштарлығы мен ынтасын жоюда. Сол себепті де осы технологияларды тиімді пайдаланып, оқушыларға сабақ оқытуда, білім беруде жаңа және тартымды әдіс-тәсілдерді пайдаланып, білім алушылардың «Медиа сауаттылығын» барынша арттыруымыз керек. Осылайша, барлық мұғалімдер өз сабақтарында медиа сауаттылықты көтеру, тиімді білім беру қажеттілігін сезінуі керек.[1] Осы проблемаға жауап беру үшін әр мұғалімде мазмұнды және өзекті контент арқылы оқушыларды ынталандыратын, жақсы жоспарланған және теңдестірілген оқу бағдарламасы болуы керек. Осы тұрғыдан алғанда, ең тиімді және заманауи тәсілдердің бірі БАҚ ты оқыту үрдісімен біріктіру болып табылады. Дегенмен, мұғалімдерге медиа сауаттылықты оқу бағдарламасында қай жерге енгізу керек және оны сабақта қалай қолдану керектігі туралы білімдер жетіспейді. Бұл мақала 21 ғасырда медиасауаттылықтың білім берудегі маңыздылығын талқылайды және ағылшын тілі сабақтарын ұйымдастыру және оқытуда медиа сауаттылықты дамытуға бағытталған әдіс тәсілдерді анықтайды.[2]

Медиа сауаттылық білім берудің тиімді тәсілі болып саналады. Бұл сапалы білім беретін жаңа даму үрдісі. Дегенмен, Қазақстандағы оқу орындарында медиа сауаттылық әлі қалыптасу кезеңінде және мектептерде ресми түрде сирек оқытылады. Сондықтан, бұл жұмыс білім беру үдерісіне кіріктірілу қажет, менің зерттеу жұмысыма қарасты атап айтқанда, ағылшын тілін оқыту контекстіндегі медиа сауаттылық қарастырылады.

Жалпы білім беретін мектептерде ағылшын тілі сабағында медиа-сауаттылықты дамытудың жолдарын қалай қолданылатынын тексеру мақсатында Нұр-Сұлтан қаласы, Әлихан Бөкейхан атындағы №76 мектеп-лицейінің ағылшын тілі пәні мұғалімдері арасында сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға 17 мұғалім қатысты, оның 3-і бастауыш сынып мұғалімдері.

№1 кесте Сауалнама қорытындысы

Сауалнама сұрақтары	Сауалнама жауаптары			
Медиа сауаттылық дегенді қалай түсінесіз?	ақпарат пен жұмыс істеу дағдылары	газет-журналдар, телефон, интернет, әлеуметтік желі т.б	түрлі технологияларды пайдалану	жауап беруге қиналамын
	54 %	45%	27%	0%
Оқушылардың медиа-сауаттылығын көтеру маңызды деп ойлайсыз ба?	Маңызды	Маңызды емес	Білмеймін	
	0%			

	100%		0%	
Өз сабағыңызда медиа-сауаттылықты дамытуға арналған әдіс-тәсілдерді пайдаланасыз ба?	ия 45,5%	Жоқ 0%	сирек (аз) 54,5%	
Сабақтарыңызда оқушылардың медиа-сауаттылығын дамытатын тәсілдерді қолданбаудың немесе сирек қолдануыңыздың себебі қандай?	уақыттың тапшылығы 60%	өз біліміңіздің аздығы 25%	ақпараттың аздығы 15%	медиа-сауаттылықты дамыту керек емес 0%
Болашақта ағылшын тілін оқытуда оқушылардың медиа-сауаттылығын дамытатын тәсілдермен танысып оны өз тәжірибеңізде қолданғыңыз келеді ме?	Әрине 100%	Жоқ 0%	Өз біліміңіз жеткілікті 0%	

Жасалынған сауалнаманың нәтижесіне қарасақ барлық мұғалім медиа сауаттылық ұғымымен толықтай таныс және оның анықтамасын дұрыс таба алғанын көреміз. Сонымен қатар барлық мұғалімдер медиа сауаттылықтың білім беру үдерісіндегі маңыздылығын көрсеткен. Алайда ұстаздардың көпшілігі бұл құзіреттілікті дамытуға аса көп көңіл бөлмейтіндерін және өз сабақтарында сирек қолданатындарын белгілеп өткен. Бұған себеп жартысынан көбі уақыт тапшылығы десе қалған бөлігі білімнің және ақпараттың аздығын көрсетеді. Ең қуантатын жағдай, мұғалімдердің болашақта медиа сауаттылық туралы білімдерін кеңейтуге және ол білімді өз тәжірибелерінде қолдануға дайын екендігін атап өтуі.

Осы сауалнама қорытындысын басшылыққа ала отырып ағылшын тілін оқыту контекстінде медиа сауаттылық қалай көрінеді және оны қалай ұйымдастыруға болады? сұрақтарына жауап беріп көрейік.

Медиасауаттылық әдетте кітаптарды, газеттерді, журналдарды, бейнелерді, фильмдерді, жазылған музыканы және интернет арқылы қол жетімді барлық нәрселерді қоса алғанда, әртүрлі нысандарда қарым-қатынасқа қол жеткізу, талдау, бағалау және құру мүмкіндігі ретінде анықталады.[3]

Орта мектепте шет тілін үйретудің негізгі мақсаты коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру, ал барлық басқа оқу мақсаттары білім беру, тәрбие және дамыту сияқты, осы негізгі мақсатты жүзеге асыру барысында қалыптасады. Коммуникативтік құзыреттілік қарым-қатынас жасау және мәдениетаралық өзара әрекеттесу қабілетін дамытуды білдіреді, осы орайда бұл құзіреттілікті қалыптастырудың бірден бір құралы- интернет. Интернет- халықаралық, мәдениетаралық қоғамдағы миллиондаған адамдардың электронды байланысы, сәйкесінше қарым-қатынассыз интернеттің болуында мағына жоқ. Ағылшын тілі сабағында интернетке қосылу арқылы оқушыларға нағыз тілдік ортада қарым-қатынас жасауға мүмкіндік бере аламыз. Шынайы тілдік ортада сөйлесу арқылы оқушылар өздерін шынайы өмірлік жағдайларда сезіне алады. Интернет сөзбе- сөз ағылшын тілінен «халықаралық желі» (ағ. «international net») деген мағынада.[4]

Интернет-ресурстарды пайдалану мүмкіндіктері орасан зор. Ғаламдық интернет әлемнің кез келген нүктесінде орналасқан студенттер мен мұғалімдерге қажетті кез келген ақпаратты алу үшін жағдай жасайды: елтану материалдары, жастар өміріндегі жаңалықтар, газеттер мен журналдардағы мақалалар, әртүрлі қажетті әдебиеттер және т.б.[5]

Интернет желісін пайдалана отырып, ағылшын тілі сабақтарында бірқатар дидактикалық мәселелрді шешуге болады. Мысалға алсақ, жаһандық желі материалдарын пайдалана отырып, оқу дағдылары қалыптастыру; мектеп оқушыларының жазу дағдыларын жетілдіру; оқушылардың сөздік қорын толықтыру; мектеп оқушыларында ағылшын тілін үйренуге деген мотивацияны қалыптастыру. Сонымен қатар, интернетпен жұмыс мектеп оқушыларының ой-өрісін кеңейту, ағылшын тілді елдердегі құрдастарымен іскерлік байланыстар орнату және қолдау сияқты мүмкіндіктерді жүзеге асырады.

Студенттер интернет арқылы өткізілетін тестілеуге, викториналарға, конкурстарға, олимпиадаларға қатыса алады, басқа елдердегі құрдастарымен хат алысады, чаттарға, бейне конференцияларға қатыса алады және т.б.[6] Студенттер белгілі бір жобаның барысында қазір таңда актуалды және маңызды проблемалар мен мәселелер туралы ақпараттарды ала алады. Бұл қазақстандық мектеп оқушылары мен олардың бір немесе бірнеше елдерден келген шетелдік құрдастарының бірлескен жұмысы болуы мүмкін.

Қорытындылай келе, көптеген ресурстарды сабақта белсенді пайдалануға болады. Ағылшын тілі сабағында, интернет ресурстарын пайдаланбай, коммуникативті және мәдениетаралық құзыреттілікті меңгеру мүмкін емес. Интернеттің виртуалды ортасы уақыттық және кеңістіктік шеңберден шығуға мүмкіндік береді, оның пайдаланушыларына екі жаққа қатысты тақырыптар мен мәселелер бойынша шынайы сұхбаттасушылармен шынайы сөйлесу мүмкіндігін береді. Дегенмен, интернет тек оқытудың көмекші техникалық құралы екенін ұмытпауымыз керек, оңтайлы нәтижеге жету үшін оны сауатты пайдалануды сабақ үрдісіне енгізу қажет.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Hanae A.H. *Media Literacy Education in English as a Foreign Language Classroom.*- International Journal of Media and Information Literacy, 2016.-108-109 p.
2. Ливанова М. А. *Формирование медиа компетентности на уроке иностранного языка.*- Екатеринбург: Уральский государственный педагогический университет , 2018.- 20-23 б.
3. Коломиец В. П. *Медиасреда и медиапотребление в современном российском обществе.* - Социс. Социологические исследования. –2010. –№ 1. –С.58-66.
4. Хлызова Н. Ю. *К вопросу о целях медиаобразования: теоретический аспект.*- Педагогическая теория, эксперимент, практика / ред. Т. А. Стефановская. –Иркутск: Ин-т повышения квалификации работников образования, 2009. –104с.
6. Kazunori S., Ryo S., Tatsuya H. *Effects of Continuation of Media Literacy Lessons, Media Experience, and Teaching Experience on Elementary School Teachers' Media Literacy.* - Tokoha University. -2018 [13-14 p.]
7. Манцивода А. В. *Достижения в Интернете и будущее информационной среды российского образования.* - Информационные технологии. –2008. –№ 1. –С.67-74.

ӘОЖ 372.881.111.1

ШЕТ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА STEM БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫН КІРІКТІРУ

Жанарбек Лашын